


**«Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Бекітемін

Екпетал мектеп-балабақшасының  
директоры  Жумагулова Г.А



Келісемін:  
Екпетал мектеп-балабақшасының  
әдіскері:  Оспанова Ұ. Ж.

**«Құлыншақ» мектепалды даярлық тобының  
2025 – 2026 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі: Бисенғалиева Л Б**

**2025 – 2026 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** «Екпепал мектеп-балабақшасы» КММ

**Топ/сынып:** Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қыркүйек айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> - денсаулықты сақтау, қимыл белсенділігі, спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау.</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> - өзіне-өзі қызмет ету – еңбек мәдениеті мен жауапкершілікті тәрбиелеу. өзіне-өзі қызмет көрсету еңбекке баулу, кезекшілік.</p>	<p>Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</p> <p>спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</p> <p>денешынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</p> <p>денешынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</p> <p>балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p>
Қыркүйек	<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - балаларды тыңдауға, өз пікірін айтуға, диалог құруға үйрету – пікір алмасу дағдыларын дамыту.</p>	<p>Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</p> <p>коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;</p>
	<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - шығарма мазмұндау, өлең жаттау, сахналау – оқу мәдениетін және көркем сөзді дамыту.</p>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
	<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> негізінде ауызекі сөйлеуді</p>	<p>Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</p> <p>түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;</p> <p>әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;</p>

<p>дамыту, қарым-қатынас мәдениеті – сөздік қоры мен тіл байлығын арттыру арқылы пікір білдіруге үйрету.</p>	<p>дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;</p>
<p>Сауат ашу негіздері.</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - дыбыстық талдау, буынға бөлу, сөз құрастыру – оқу сауаттылығын қалыптастыру.</p>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - геометриялық пішіндер, кеңістік, бүтін мен бөлшек, логикалық ойлады дамыту.</p>	<p>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - түстерді таңдау, композиция құру, қиялды бейнелеу – өнер және шығармашылық бағытпен жұмыс жасау.</p>	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> негізінде - бейнелеу, пропорцияны сақтау, ұсақ моториканы дамыту – көркемдік қабілеттерді дамыту.</p>	<p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - түрлі материалдармен жұмыс, симметрия, ұлттық өрнектер – шығармашылық әрекет.</p>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы,</p>

сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру

Құрастыру

**Жоба: «Шабьт» + «Smart Bala» «Шабьт» жобасы негізінде** балалар ұлттық бұйымдар мен тұрмыстық заттарды шығармашылықпен құрастыра отырып, эстетикалық талғамы мен қиялы дамиды. **«Smart Bala» жобасы -** конструктормен, бөлшектермен жұмыс жасау арқылы логикалық ойлау, кеңістік ұғымдары мен конструктивті дағдылары қалыптасады.

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.

Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру**

**«Қамқор» жобасы негізінде -** экология, табиғи ресурстарды үнемдеу, отбасылық құндылықтарды сақтау – қоршаған ортаға, адамдарға қамқорлық жасау. **«Еңбегі адал – жас өрен» жобасының** бағыты бойынша - еңбекке құрмет, кәсіпке бағдар, қоғамға пайдалы болу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**Білім беру ұйымы :** «Екпентал мектеп-балабақшасы» КММ

**Топ/сынып:** Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қазан айы 2025 жыл

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.</b> <b>Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Қамқор» жобасы бағытында</b> - тепе-теңдік жаттығулары, арқан бойымен жүру, спорттық ойындар – денсаулықты нығайтуға, салауатты өмір салтына баулуға бағытталған.</p>	<p>Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p>
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы негізінде</b> - дауыс қарқыны мен екпінді қолдану, фонематикалық есту, дыбыстарды ажырату – сөзді анық жеткізу, пікірді мәнерлі айтуға үйретеді</p>	<p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p>
<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жоба бағытында</b> - көркем шығармаға қызығушылық, фольклор, жанрларды ажырату – оқуға ынтаны арттырып, кітап мәдениетін қалыптастырады.</p>	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасымен</b> - әңгімені жалғастыру, сипаттау, бейнелі сөздерді қолдану – балалардың өз ойларын жүйелі жеткізу, тілдік шығармашылыққа үйрету.</p>	<p>шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
<p>Сауаташу негіздері</p>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға</p>

<p><b>«Балалар кітапханасы» жобасымен</b> - буынға бөлу, сөйлем құрастыру, сөздердің ретін анықтау – сауат ашу, оқу-жазуға қызығушылық қалыптастыру.</p>	<p>(ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері <b>«Smart Bala» жобасы</b> - заттарды белгілеріне қарай топтау, ұзындығын, биіктігін өлшеу, салыстыру – логикалық ойлау мен зерттеушілік дағдыларды дамытады.</p>	<p>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу <b>«Шабыт» жобасы</b> - кеңістіктегі заттарды қағазда дұрыс орналастыру, тірі табиғатты бейнелеу – шығармашылық қиялды дамытуға бағытталған.</p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді салу.</p>
<p>Мүсіндеу <b>«Шабыт» жобасы негізінде</b> - әртүрлі қалыптарда затты мүсіндеу, бөліктерді біріктіру – көркемдік талғам мен қол еңбегін жетілдіреді.</p>	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>
<p><b>Жапсыру</b> <b>«Шабыт» жобасымен</b> - қию, симметриялы пішіндер жасау, түрлі материалдарды қолдану – қолөнер дағдыларын дамытады.</p>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
<p>Құрастыру <b>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары бойынша</b> -</p>	<p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні</p>

<p>табиғи материалдармен жұмыс, көлемді пішіндер құрастыру – бір жағынан шығармашылық қиялды дамытса, екінші жағынан логикалық-құрастырушылық ойды жетілдіреді.</p>	<p>бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.</p>
<p>Музыка <b>«Шабыт»</b> жобасы бағытымен - марш, би қимылдары, ырғақ сезімін дамыту – өнер арқылы эмоциялық қабылдауды қалыптастырады.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» + «Қамқор» жобалары бағытында</b> - болашаққа сенімді болу, білімге құштарлық, еңбекқорлық – еңбекке баулу бағытына сәйкес. Табиғи өзгерістерді түсіну, өмірге бейімделу – «Қамқор» жобасымен байланысты</p>	<p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Дидактикалық ойындар барысында балалардың жыл бойы алған білімдерін тиянақтау.</p> <p>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** *«Екпентал мектеп-балабақшасы» КММ*

**Топ:** *Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»*

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.</b>  <b>Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>                      Дене тәрбиесі  <b>«Қамқор» жобасы</b> - балалардың күшін, икемділігін, шыдамдылығын дамыту арқылы денсаулықты қорғау және салауатты өмір салтын қалыптастыру – «Қамқор» бағытымен толық үндес.</p>	<p>Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; денешынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; денешынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу. ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</p>
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>                      Тіл дамыту  <b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - дыбыстарды анық айту, сөздік қорды сын есімдермен байыту, себеп-салдарлық байланыстарды табу – баланың ойын жүйелі жеткізуіне, талқылау мен пікір алмасуға үйретеді.</p>	<p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату:</p>
<p>Көркем әдебиет  <b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - көркем шығарманы түсіну, мазмұндау, кейіпкерге баға беру – оқуға ынтаны арттырады, кітап мәдениетін дамытады.</p>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
<p>Сауат ашу негіздері  <b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - сөйлемді бөліктерге талдау, сөйлем құрастыру – сауат ашуға, оқуға, жазуға алғашқы қадам жасатады.</p>	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
<p>Қазақ тілі  <b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы негізінде</b> - қазақ тіліндегі дыбыстарды (ұ, і) дұрыс айту, ауызекі сөйлеуді дамыту – қарым-қатынас құралы ретінде тілдік мәдениетті жетілдіреді.</p>	<p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру                      Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>                      Математика негіздері</p>	<p>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p>

<p>«Smart Bala» жобасы негізінде - өлшемдер бойынша салыстыру, «нешінші?» сұрақтарына жауап беру, теңсіздікті теңдікке айналдыру – логикалық ойлау мен есептеу машығын дамытады.</p>	<p>«Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 8 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет</p> <p>«Шабыт» жобасы негізінде - түстердің реңктерін беру, дәстүрден тыс әдіспен сурет салу – шығармашылық еркіндік пен эстетикалық талғамды дамытады.</p>	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту;</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«Шабыт» жобасы негізінде - кескішпен жұмыс, бөліктерді қосу, тегістеу – қол еңбегін шыңдап, көркемдік қабілетті арттырады.</p>	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабыт» жобасы негізінде - симметриялы пішіндер қию, түрлі материалдармен жұмыс – қолөнер дағдыларын дамытады.</p>	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары негізінде - сюжет бойынша ұжымдық құрастыру – шығармашылық қиялды оятса, пішіндерді талдау және тиімді шешім табу – логикалық ойды жетілдіреді.</p>	<p>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p>
<p>Музыка</p> <p>«Шабыт» жобасы негізінде - әнді мәнерлеп орындау, қимылдармен үйлестіру, әуенді таза айту – балалардың көркем-эстетикалық дамуына әсер етеді.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>

<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары бағытында</b> - жануарларды бақылау, табиғат құбылыстарын зерттеу – табиғатқа қамқорлықты үйретеді («Қамқор») Зерттеу, бақылау, салыстыру арқылы еңбектенуге, талдау жасауға ынталандырады («Еңбегі адал – жас өрен»).</p>	<p>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p>
---	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** *«Екпетап мектеп-балабақшасы» КММ*

**Топ:** *Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»*

**Балалардың жасы:** *5 жас*

**Жоспардың құрылу кезеңі :** *2025 - 2026 оқу жылы желтоқсан айы*

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
----------------------------------	--

<p>атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</p>	
<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Қамқор» жобасы бағытында -</b> тепе-теңдікті сақтау, секіру, жүгіріс жаттығулары балалардың денсаулығын шыңдайды. Сонымен бірге гигиена, тазалық, аурудың алдын алу – «Қамқор» бағытының басты мәні.</p>	<p>Жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтау, кедергіден секіру кезінде ептілік пен қимылдарды үйлестіруді дамыту. Балаларды жүру және жүгіру кезінде педагогтың белгісі бойынша тоқтау, күш пен ептілікті дамыта отырып, гимнастикалық орындықта асқазанмен жорғалағанда; тұрақты тепе-теңдікті сақтау. Нысандар арасында жүруді және жүгіруді қайталау. Еденнен (жерден) екі аяғымен серпіле итеруді және затқа (биіктікте) жеткенде секіру кезінде қолды сермеуді үйрету; таныс ұлттық қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Гигиена дағдылары туралы түсінік беру. Жұқпалы аурулардың түрлері, берілу жолдары, алдын-алудың негізгі шаралары туралы түсінік беру. Тазалықты, гигиеналық дағдыларды сақтаудың қажеттілігін түсіндіру.</p>
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы негізінде -</b> қысқы табиғатты бақылап, құбылыстарға баға беру, өз ойын жүйелі жеткізу – баланы пікір алмасуға, ой еркіндігіне жетелейді.</p>	<p>Тірі табиғат құбылыстарын бақылай отырып, өз ойын жеткізе білу, сөйлеу дағдыларын арттыру. Қысқы табиғаттың қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p>
<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жоба бағытында -</b> ертегідегі кейіпкерлерді мәнерлеп айту, сөйлем құрастыру – кітап мәдениеті мен әдебиетке қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Сөз тіркестерінен сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айту. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жоба бағытында -</b> суреттер арқылы сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау – оқу мен жазуға қызығушылықты қалыптастырады.</p>	<p>Сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасын дұрыс қалыптастыру. Талдауға, буынға бөлуге, сөйлем құрауға қызығушылығын арттыру. Сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. Сөздер ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құруға және сөздерді дұрыс буынға бөлуге үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы негізінде -</b> қыс мезгілін қазақ тілінде сипаттау, тақпақ айту, шағын мәтін құрастыру – тілдік қарым-қатынасты дамытады және ойды еркін жеткізуге үйретеді.</p>	<p>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы негізінде</b> - 10 көлемінде тура және кері санау, уақытты бағдарлау (күн, ай) – баланың логикалық ойлауын, математикалық сауаттылығын жетілдіреді.</p>	<p>Балалардың сандар туралы және геометриялық ұғымдар туралы заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі туралы дамыту. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. Уақытты бағдарлауды (апта күндері, ай аттарын) жетілдіру.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет</p> <p><b>«Шабыт» жобасы негізінде</b> - дәстүрден тыс әдіспен сурет салу (мақта таяқшамен, нүктелер арқылы), сызықтар салу – қиял мен өнерге баулиды.</p>	<p>Балалардың дәстүрден тыс сурет салда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді мақта таяқшасы арқылы түсіруді үйрету. Толқынды және түзу сызықтарды салуды жетілдіру.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы негізінде</b> - бірнеше бөліктен зат мүсіндеу, пропорцияны сақтау – шығармашылық қабілетті шыңдайды.</p>	<p>Шығармашылығын, қол саусақ икемділігін дамыту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» жобасы негізінде</b> - қыс мезгілінің құбылыстарын бейнелеу, сұлбаны қиып, жапсыру – балалардың қол еңбегін, шығармашылығын дамытады.</p>	<p>Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу</p> <p>Қыс мезгілі, ондағы табиғат құбылыстары және ағаштар келбетіне назар аудару. Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қол қимылдарын дамыту. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары</b> - құрылыс материалдарымен композиция жасау – бір жағынан логикалық ойды («Smart Bala»), екінші жағынан шығармашылықты («Шабыт») дамытады.</p>	<p>Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға үйрету. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - ән айту, әуенді ажырату, аспапта ойнау – өнер арқылы эмоционалды дамуды қалыптастырады.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>

<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары-</b> қысқы табиғат құбылыстарын бақылау, тәжірибелер жасау – зерттеушілік пен танымдық белсенділікті арттырады («Еңбегі адал – жас өрен»). Жануарларға қамқор болу, құстарға жағдай жасау – экологиялық тәрбие, мейірімділік («Қамқор»)</p>	<p>Ормандағы жануарлар мен құстармен жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру.</p> <p>Балаларға қыс мезгілі, қыста болатын табиғат құбылыстары туралы түсіндіру.</p> <p><b>қыс мезгіліне байланысты мұз, қар тақырыптарына танымдық, эксперименталдық іс-әрекет жүргізу.</b></p> <p>Суретке әңгіме құрап, өз ойын айта білуге үйрету. Мнемо кестемен жұмыс жүргізе отырып, баланың ой-өрісін жетілдіру.</p> <p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.</p>
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** *«Екпентал мектеп-балабақшасы» КММ*

**Топ:** *Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»*

**Балалардың жасы:** *5 жас*

**Жоспардың құрылу кезеңі :** *2025 - 2026 оқу жылы қаңтар айы*

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.</b> <b>Адал азамат біртұтас тәрбие</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
--	---

жобасы.	
<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> - тепе-теңдікті сақтау, секіру, жүгіру, ойын ережесін сақтау – балалардың денсаулығын нығайтып, спортқа баулиды. Сонымен қатар, тазалық пен дене мүшелерін күту туралы түсінік беру – «Қамқор» жобасының мазмұнымен тікелей байланысты.</p>	<p>Жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтау, кедергіден секіру кезінде ептілік пен қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруге, тоқтап қайта жүгіруге, допты мақсатты домалатуға, алысқа лақтыруға үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, негізгі қимыл түрлерін дамыту.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - тұрмыстық техника мен көліктерді атау, олардың қызметін сипаттау, қауіпсіздік ережесін айту – баланың логикалық ойлауын, техникалық танымын арттырады.</p>	<p>Сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойын дұрыс жеткізе білу. Көліктердің аттарын, олардың қызметін түсіндіру. Көліктер жайында айта отырып, қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру. Баланың жан – жақты ойлау қабілетін дамыту. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту.</p>
<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> - құстар тіршілігі мен оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу – табиғатты аялау, экологиялық жауапкершілікке баулу.</p>	<p>Құстар тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын бекіту. Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшеліктерін ажыратуға үйрету. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - дыбыстарға талдау, сөздік қорды толықтыру – сауаттылықты жетілдіру, оқуға ынтаны арттыру.</p>	<p>Өткен дыбысты қайталата отырып, алған білімдерін бекіту. Ұсынылған сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Сөздерге мысалдар келтірту арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дыбыстар туралы балалардың ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - қыс мезгілін сипаттау, тақпақ жаттау, диалогке қатысу – тілдік қарым-қатынасты дамытады, балаларды еркін ой айтуға жетелейді.</p>	<p>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> - кеңістікті бағдарлау, өлшемдерді</p>	<p>Балаларды кеңістікті бағдарлауда «алға – артқа», «оңға - солға» бағыттарын пайдалана білуге үйрету. Заттардың өзіне қатысты орнала-суын сөзбен және санау арқылы жеткізе білуін дамыту. Баланың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Заттарды әртүрлі белгілері, оның ішінде биіктігі, қалыңдығы, ұзындығы бойынша салыстыра білуге</p>

салыстыру, тура және кері санау – еңбекке адал, ұқыпты болуға, есеп-қисапқа дағдыландырады.	үйрету; тура және кері санау дағдыларын дамыту.
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет</p> <p>«Шабьт» жобасы - дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолдану (мақта таяқшамен нүктелер түсіру, сызықтар салу) – қиялды дамытып, өнерге ынталандырады.</p>	<p>Балалардың дәстүрден тыс сурет салда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді мақта таяқшасы арқылы түсіруді үйрету. Толқынды және түзу сызықтарды салуды жетілдіру</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«Шабьт» жобасы - бірнеше бөліктен зат құрастыру, бөліктерді біріктіру – балалардың қол икемділігін, шығармашылық қиялын жетілдіреді.</p>	<p>Шығармашылығын, қол саусақ икемділігін дамыту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру.</p> <p>Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабьт» жобасы - сұлбаны қию, көлем мен композицияны ескеріп жапсыру – бейнелеу өнеріне баулиды.</p>	<p>Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеруді үйрету.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«Smart Bala» жобасы - бөлшектерді тігінен-көлденең орналастыру, қарапайым құрылыс тәсілдерін үйрену – техникалық ойлау мен инженерлік қабілетті дамытуға бағытталған.</p>	<p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыруды үйрету.</p> <p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p>
<p>Музыка</p> <p>«Шабьт» жобасы - әнді мәнерлеп айту, дыбыстарды ажырату, ырғақты орындау – көркемдік талғам мен эмоционалды дамуды қалыптастырады.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>«Еңбегі адал – жас өрен» + «Қамқор» жобалары - құстар тіршілігін бақылау, қысқы ауыр кезеңде оларға қамқор болу – «Қамқор» бағытына сәйкес. Ал электр құралдарын топтастыру, олардың қолданылуын түсіну – еңбекке, қауіпсіздікке үйрететін</p>	<p>Құстар және олардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Олардың тіршілігі туралы ұғымдарын бекіту. Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін түсіндіру.</p> <p>Электр құралдарымен таныстыру, ол заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтастыруға үйрету. Олардың қолданысын түсіндіру.</p> <p>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен</p>

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасына сай.	сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).
--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** «Екпентал мектеп-балабақшасы» КММ

**Топ:** Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2025 - 2026 оқу жылы Ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	<b>Физикалық қасиеттерді</b>	Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын

<p style="text-align: center;"><b>дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> - доппен жаттығулар (лақтыру, қағып алу, домалату), шанамен сырғанау, қимылдарды музыкамен үйлестіру – балалардың денсаулығын нығайтып, қозғалыс мәдениетін дамытады. Ал еңбек тапсырмаларын орындау – жауапкершілік пен өзара көмекті қалыптастырады.</p>	<p>алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;</p> <p>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру.</p> <p><b>Қауіпсіздік ережесі</b> -Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - әңгімелесуді бастау, сұрақтарды дұрыс қою, пікір білдіру – баланың сөйлеу мәдениетін және диалог жүргізу қабілетін шыңдайды.</p>	<p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p>
<p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b>- жаңылтпаштарды жатқа айту, табиғат құбылыстарына көзқарасын білдіру – сөздік қорды байытып, кітапқа қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Айналасында болып жатқан оқиғаларға, табиғат құбылыстарына өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
<p style="text-align: center;">Сауат ашу негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - буынға бөлу, сөздерден сөйлем құрастыру, жазу элементтерімен танысу – баланың жазу дағдыларын дамытуға, сауат ашуына көмектеседі.</p>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>
<p style="text-align: center;">Қазақ тіл</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - мақал-мәтелдер, көркем сөздер қолдану, дыбыстарды дұрыс айту – тілдік байлықты жетілдіріп, ойды еркін жеткізуге үйретеді.</p>	<p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға</p>

	дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> - теңдік ұғымын қалыптастыру, апта күндері мен уақытты бағдарлау – тәртіптілікке, еңбектің маңызын түсінуге, саналы ойлауға баулиды.</p>	<p>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - өрнектерді сызықтармен, нүктелермен бейнелеу, түсті үйлестіру – балалардың шығармашылық талғамын дамытады.</p>	<p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы негізінде</b> - сюжет құру, пішіндерді бір тұғырға орналастыру – қиялды дамытуға, ұқыптылыққа үйретеді.</p>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - сюжеттік композициялар жасап, топпен бірігіп орындау – шығармашылықты және бірлесіп жұмыс істеуді дамытады.</p>	<p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - үлгі бойынша жұмыс істеу, қию, қарапайым сызбаларды қолдану – инженерлік ойлау мен логиканы жетілдіреді.</p>	<p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - қазақ халқының күй өнерімен танысу, би қимылдарын музыкаға сәйкес орындау – ұлттық өнерді құрметтеуге және көркем талғамды дамытуға жетелейді.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>

<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» + «Қамқор» жобалары</b> - қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін білу – «Еңбегі адал – жас өрен» бағытына сай, ал табиғат пен мәдени мұраны құрметтеу – «Қамқор» жобасының негізі</p>	<p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.</p>
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** *«Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ*

**Топ:** *Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»*

**Балалардың жасы:** *5 жас*

**Жоспардың құрылу кезеңі :** *2025 - 2026 оқу жылы Наурыз айы*

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> - сапқа тұру, бұрылу, өрмелеу, асық</p>	<p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Допты жоғары лақтыру, еденге ұра отырып, екі қолымен қағып алу. Кедергілер арасынан және доға астынан еңбектеу, гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу.</p>

<p>ату сияқты ұлттық ойындар — балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұлттық мәдениетке баулиды. Гигиена ережелерін сақтау – өз денсаулығына және қоғамға қамқорлық жасау.</p>	<p>Асықты дәлдеп лақтыруға үйрету. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - монолог құру, логикалық әңгіме айту, салт-дәстүрдің мәнін түсіндіру – ойды жүйелі жеткізіп, пікір алмасуға үйретеді.</p>	<p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, салт -дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p>
<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы-</b> сөйлем құрастыру, сұраққа толық жауап беру – оқырмандық мәдениетті дамытуға және сөздік қорды байытуға көмектеседі.</p>	<p>Сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. Сөйлеммен затты сипаттай білуде дағдыларын дамыту. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік тәрбиелеу.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - жазуға дайындық, дыбыстарды қайталау, сөйлем құрастыру – баланың сауаттылық деңгейін көтереді.</p>	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Өткен дыбыстарды қайталау. Сөздер ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құруға және сөздерді дұрыс буынға бөлуге үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Мәдени мұра + Ұшқыр ой алаңы» жобалары</b> - тұрмыстық заттар, егіншілік пен мал шаруашылығы, туыстық қарым-қатынас сөздері – ұлттық мәдени мұраны тануға үйретсе, әңгімелеу дағдысы ой-өрісті дамытады.</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін азық-түлік атауларын, егіншілік кәсіпке байланысты сөздермен толықтыру. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> - санау, кеңістікті бағдарлау, тәулік бөліктерін ажырату – еңбекке, тәртіпке, уақытымен есептесуге үйретеді.</p>	<p>Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа алға, артқа. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>

<p align="center"><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - қазақ ою-өрнектерін бейнелеу, ұлттық киімдерді суретке салу – шығармашылықты ұлттық өнермен байланыстырады.</p>	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.</p> <p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.</p>
<p align="center">Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдарды мүсіндеу – ұлттық мұраға қызығушылық пен қиялды дамытады.</p>	<p>қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын ,тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарымен туған өлкедегі мәдени мұраларымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p> <p align="center">Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p align="center">Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - киіз үй жабдықтарын жапсыру – шығармашылық қабілетті және топтық жұмысты жетілдіреді.</p>	<p>Қазақ халқының киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p>
<p align="center">Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - табиғи материалдарды қолданып, ұлттық бұйымдар жасау – экологиялық ойлауды және тапқырлықты қалыптастырады.</p>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.</p>
<p align="center">Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - домбыра, қобыз, күй жанрымен танысу – балаларды ұлттық мәдениетке баулиды, ән айту және би қозғалыстары – көркемдік қабілеттерді дамытады.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>
<p align="center"><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» +</b></p>	<p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныса отырып, дүниетанымын кеңейту.</p> <p>қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі,</p>

<p><b>«Қамқор» жобалары -</b> өсімдіктерге күтім жасау – табиғатқа қамқорлық, ал мінез-құлық ережелерін сақтау – еңбекке, жауапкершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p>
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** «Екпентал мектеп-балабақшасы» КММ

**Топ:** Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2025 - 2026 оқу жылы сәуір айы

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.</b> <b>Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> - балаларды дене жаттығуларына, шыдамдылыққа, спортқа қызықтыру – еңбекқорлық пен табандылықты қалыптастырады.</p>	<p>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Денсаулық, тазалық, дәрумен, дұрыс тамақтану, салауатты өмір, спорт туралы мәлімет беру</p>
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b></p>	<p>Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</p>

<p>Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - сөздік қорын дамыту, пікірін еркін жеткізу, сұрақ-жауап арқылы ойлауын жетілдіру – зияткерлік дағдыны қалыптастырады.</p>	<p>коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Ғарыш әлемі, оның сырларын түсіндіру.</p>
<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - Көркем шығарманы оқу, талдау, ертегі кейіпкерлерін сипаттау арқылы кітапқа қызығушылықты арттырады.</p>	<p>көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы түсіндіру. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Жыл құстарын танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - Сөз, буын, сөйлем құруды үйрену – оқу-жазу сауаттылығына тікелей байланысты.</p>	<p>сөйлем туралы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. «Сөз», «дыбыс» түсініктерін, дыбыстардың екі тобымен - дауысты, дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – қазақ тілі арқылы ұлттық құндылықтарды меңгерту, мақал-мәтелдерді қолданып, олардың мәнін түсіндіру – балалардың тілдік сауаттылығын арттырып, логикалық ойлауын дамытады.</p>	<p>балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - сан, пішін, кеңістік ұғымдарын меңгеру – логикалық ойлау мен зияткерлікті жетілдіреді.</p>	<p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабьт» жобасы</b> - қазақ ою-өрнектерін салу, ұлттық киімдерді бейнелеу – шығармашылық пен ұлттық</p>	<p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p>

<p>мәдениетке сүйіспеншілікті арттырады.</p>	
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - тұрмыстық заттарды мүсіндеу, безендіру – қол еңбегі мен эстетикалық талғамды дамытады</p>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - ұлттық элементтерді қиып жапсыру арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеті дамиды.</p>	<p>сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> - Табиғи және қалдық материалдардан бұйым жасау – еңбекке баулу мен ұқыптылыққа тәрбиелейді.</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> - қазақ күйлері мен халық аспаптарымен танысу – өнерді қабылдау мен рухани дамуды қалыптастырады.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b></p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> - өсімдіктерге күтім жасау, табиғатқа қамқорлық – экологиялық тәрбие мен жауапкершілікті арттырады.</p>	<p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.</p> <p>Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** «Екпентал мектеп-балабақшасы» КММ

**Топ:** Мектепалды даярлық топ «Құлыншақ»

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2025 - 2026 оқу жылы Мамыр айы

Ұйымы	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.</b>  <b>Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
Дам	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>  Дене тәрбиесі</p> <p>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бағытында - Дене шынықтыру жаттығулары, жүгіру, секіру, заттар арасымен жүру, өзін-өзі күту және еңбекке баулу – еңбекқорлықты, табандылықты, ұқыптылықты қалыптастырады.</p>	<p>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Заттардың арасымен жүру және жүгіру. Допты екпінмен итереді және доптың қозғалу бағытын сақтау. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b>  Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым</p>

	шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> - Балаларды әңгіме құрастыруға, монолог пен диалогті дамытуға, сөздерді дұрыс үйлестіруге, ойды жүйелі жеткізуге үйретеді.</p>	Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.
<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - көркем шығармаларды оқу, өлең жаттау, сахналау балалардың кітапқа қызығушылығын арттырады және әдеби талғамын дамытады.</p>	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> - сөздерден сөйлем құрау, жазуға жаттығу, дыбыстарды дұрыс қолдану – оқу сауаттылығы мен тіл мәдениетінің негізін қалайды.</p>	Өткен дыбыстарды қайталап, сөздер ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құрау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
<p>Қазақ тілі</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> - сөздерді жіктеу, септеу, сөйлем түрлерін ажырату, ойын жайылма сөйлемдермен жеткізу – логикалық ойлау мен тілдік сауаттылықты дамытады.</p>	Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
<b>Танымдық және зияткерлік</b>	Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте

<p>дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>«Smart Bala» жобасы - кеңістік туралы түсінік, қозғалыс бағыттарын айыра білу, логикалық ойлау мен дәлдікке баулиды.</p>	<p>орналастыру ( жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу</p> <p>«Шабыт» жобасы - әлеуметтік оқиғаларды, мерекелерді, адамдар еңбегін сурет арқылы жеткізу балалардың шығармашылығын дамытады.</p>	<p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«Шабыт» жобасы - ертегі кейіпкерлері мен заттарды ойдан мүсіндеу – қиялды, қол икемділігін, эстетикалық талғамды арттырады.</p>	<p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабыт» жобасы - сюжеттік композициялар жасау, шаблондармен жұмыс істеу – шығармашылық қабілетті дамытып, ұжымдық жұмысқа баулиды.</p>	<p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы - Табиғи және қалдық материалдардан құрылыстар жасау – еңбекке баулу, дербестік пен ұйымшылдықты қалыптастырады.</p>	<p>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Музыка</p> <p>«Шабыт» жобасы - музыкалық аспаптарда ойнау, топпен әуен орындау, ұлттық аспаптарды тану – өнерді қабылдау мен рухани дамуды жетілдіреді.</p>	<p>Саз жетекшісінің жеке жоспары бойынша</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>«Қамқор» жобасы - қоршаған ортада тәртіп сақтау, қауіпсіздік ережелерін білу – балаларды жауапкершілікке, өз өмірін қорғауға және табиғатқа қамқор</p>	<p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Дидактикалық ойындар барысында балалардың жыл бойы алған білімдерін тиянақтау. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру,</p>

болуға үйретеді.

ажырату.